

Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қалыптастырылуы мен пайдаланылуы туралы 2005 жылғы есепті бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 5 қыркүйектегі N 173 Жарлығы Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 130-бабына сәйкес **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қалыптастырылуы мен пайдаланылуы туралы 2005 жылғы есеп бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі 2006 жылғы 8 қыркүйекке дейін Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қалыптастырылуы мен пайдаланылуы туралы 2005 жылғы есеп пен сыртқы аудитті жүргізу нәтижелері туралы ақпараттың бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануын және мәлімет үшін оның Қазақстан Республикасының Парламентіне ұсынылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Президенті

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

П р е з и д е н т і н і ң

2 0 0 6 ж ы л ғ ы 5 қ ы р к ү й е к т е г і

N 1 7 3 Ж а р л ы ғ ы м е н

БЕКІТІЛГЕН

Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қалыптастырылуы мен пайдаланылуы туралы 2005 жылғы ЕСЕП

Астана, 2006 жыл Мазмұны

1 -бөлім. Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының түсімдері және оны пайдалану туралы 2005 жылғы есеп

2-бөлім. Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын сенімгерлік басқару жөніндегі Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қызметі туралы 2006 жылғы есеп

3-бөлім. 2005 жылғы Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын басқару жөніндегі өзге де деректер

1-бөлім. Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының түсімдері және оны пайдалану туралы 2005 жылғы есеп

P/c N	Қазақстан Республикасы Ұлттық қоры қаражатының қалыптастырылуы мен пайдаланылуы	Сомасы (мың теңге)		
1.	Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының есепті кезеңнің басындағы қаражаты	667 022 245*		
2.	<p>Қазақстан Республикасы Ұлттық қорына түсімдер: шикізат секторы ұйымдарынан республикалық бюджетке түсетін нақты түсімдердің олардың жылдық көлемдерінен асып түсуі ретінде айқындалатын республикалық бюджеттен берілетін ресми трансферттер: заңды тұлғалардан алынатын корпоративтік табыс салығы қосылған құн салығы үстеме пайдаға салынатын салық бонустар роялтилер жасалған келісім-шарттар бойынша өнімді бөлу жөніндегі Қазақстан Республикасының үлесі шикізат секторы ұйымдарынан республикалық бюджетке түсетін республикалық бюджетте жоспарланған түсімдер сомасының он проценті мөлшерінде есептелетін республикалық бюджеттен берілетін ресми трансферттер республикалық меншіктегі және тау-кен өндіру мен өңдеу салаларына жататын мемлекеттік мүлікті жекешелендіруден түсетін түсімдердің есебінен айқындалатын республикалық бюджеттен берілетін ресми трансферттер ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерін сатудан түскен түсімдер есебінен айқындалатын жергілікті бюджеттен берілетін ресми трансферттер Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын басқарудан түсетін инвестициялық кірістер Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де түсімдер мен кірістер</p>	413	713	744
			262 772 565	-
		-		-
		67	491	450
			13	371
				400
			13	657 725
				9 793 000
			2	172 136
		44 455 468		
		-		
3.	<p>Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының пайдаланылуы: республикалық бюджет шығындарын өтеу нысаналы трансферттер Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын басқару мен жыл сайынғы аудитті өткізуге байланысты шығыстарды жабу</p>	724 981		
				-
				-
			724 981	
4.	Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының есепті кезеңнің аяғындағы қаражаты:	1 080 011 008**		

Ескертпе:

* 2005 жылдың басындағы сальдо 480894 мың теңге сома мөлшерінде Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының есептелген және мерзімі ұзартылған шығыстарының сомасын және 50326 теңге айырма мен "Эрнст энд Янг" ЖШС-ның сыртқы аудиторы жасаған өткен жылдардағы қаржылық есептіліктегі дөңгелектеу сомасын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қазақстан Республикасы Ұлттық қорына өтеуіне жататын, сенімгерлік басқару бойынша операциялық шығыстар болып табылатын 376 мың теңге соманы есепке алмай көрсетілген.

** 2005 жылдың аяғындағы сальдо 1088710 мың теңге сома мөлшерінде Қазақстан

Республикасы Ұлттық қорының есептелген және кейінге қалдырылған шығыстарының сомаларын және 50326 теңге айырма мен "Эрнст энд Янг" ЖШС-ның сыртқы аудитору жасаған өткен жылдардағы қаржылық есептіліктегі дөңгелектеу сомасын есепке алмай көрсетілген.

2005 жылғы 1 қаңтарға Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қаражаты 667022245 мың теңгені құрады (666540924 мың теңге - аудитталған қаржылық есептілікке сәйкес есептеу әдісімен), 2006 жылғы 1 қаңтарға - 1080011008 мың теңгені (1078922247 мың теңге - аудитталған қаржылық есептілікке сәйкес есептеу әдісімен) құрады.

2005 жылы Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына түсетін түсімдердің елеулі үлесі республикалық бюджетке шикізат секторы ұйымдарынан түсетін іс жүзіндегі түсімдердің олардың жылдық көлемінен - 343635415 мың теңгеге асып түсуі ретінде айқындалатын республикалық бюджеттен берілетін ресми трансферттердің, шикізат секторы ұйымдарынан республикалық бюджетке түсетін жоспарланған түсімдер сомасының он проценті мөлшерінде есептелетін - 13657725 мың теңге республикалық бюджеттен берілетін ресми трансферттердің, республикалық меншіктегі және тау-кен өндіру мен өңдеу салаларына жататын мемлекеттік мүлікті жекешелендіруден түсетін түсімдердің есебінен айқындалатын - 9793000 мың теңге республикалық бюджеттен берілетін ресми трансферттер, сондай-ақ ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерін сатудан түскен түсімдер есебінен айқындалатын - 2172136 мың теңге жергілікті бюджеттің ресми трансферттері есебінен қалыптастырылды.

2-бөлім. Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын сенімгерлік басқару жөніндегі Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қызметі туралы 2005 жылғы есеп

"КПМГ Жанат" ЖШС жүргізген Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының аудиті нәтижелері бойынша қаржылық есептілік шынайы деп танылды және Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қаржылық жағдайының қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына сәйкес келетінін көрсетеді.

1-нысан

Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының активтерін сенімгерлік басқару жөніндегі Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің теңгерімі (мың теңге)

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің теңгерімі	2005 жыл	2004 жыл

Активтер:	29 180 345	24 927 708
ақша және оның баламалары		
туынды қаржы құралдарын қоспағанда, пайда немесе шығын арқылы әділ құн бойынша ескерілетін қаржы құралдары		
туынды қаржы құралдары	1 052 050 955	654 915 582
дебиторлық берешек	2 164 939	1 810 557
	336 949	111 505
Активтер, барлығы	1 083 733 188	681 765 352
Міндеттемелер:		
туынды қаржы құралдары	1 421 811	6 098 200
кредиторлық берешек және есептелген шығыстар	3 389 130	9 126 228
Міндеттемелер, барлығы	4 810 941	15 224 428
Қазақстан Республикасы Үкіметінің шотына енгізілген таза активтер	1 078 922 247	666 540 924
Таза активтер	1 078 922 247	666 540 924

Жиынтық активтердің 59% артуы және жиынтық міндеттемелердің 68% азаюы жылдың аяғындағы көрсеткіштермен салыстырғанда таза активтердің 62% артуына өкееп соқтырды.

Активтердің сақталуын бағалау кірістердің таза активтер бойынша шығыстардан асып түсуіне негізделген.

2005 жылғы 31 желтоқсанға Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының кредиторлық берешегінің және есептелген шығыстарының жалпы сомасы 3389130 мың теңгені құрады, одан:

сатып алынған инвестициялар бойынша кредиторлық берешек - 2300420 мың теңге;

активтерді басқарғаны үшін комиссия - 998227 мың теңге, оның ішінде:

83522 мың теңге - Ұлттық Банктің комиссиясы;

914705 мың теңге - сыртқы басқарушылардың қызметтері;

өзге де есептелген шығыстар 90483 мың теңге, оның ішінде:

69935 мың теңге Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының сыртқы

кастодианы "ABN AMRO Mellon Global Securities Services" қызметтері үшін;
 13000 мың теңге - аудиторлық қызметтер үшін;
 3782 мың теңге - "Barra International LTD" компаниясының
 бағдарламалық өнімін пайдалану құқығы үшін;
 3181 мың теңге - "Yield Book" компаниясының қызметтері үшін;
 585 мың теңге - "Morgan Stanley Capital International" компаниясының ақпараттық
 қызметтері үшін.

2005 жылғы 31 желтоқсанға Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының дебиторлық берешегінің жалпы сомасы 336949 мың теңгені құрады, одан:
 іске асырылған инвестициялар бойынша дебиторлық берешек - 336573 мың теңге;
 Қазақстан Республикасының Ұлттық қорының өтеуіне жататын Қазақстан Республикасының Ұлттық қоры операциялық шығыстарының сомасы - 376 мың теңге.

2-нысан

Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының активтерін сенімгерлік басқару жөніндегі Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің кірістері мен шығыстары туралы есеп (мың теңге)

Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының активтерін басқару жөніндегі кірістер мен шығыстар	2005 жыл	2004 жыл
К і р і с т е р :		
сыйақы түріндегі кірістер	20 778 979	13 635 040
дивидендтер түріндегі кірістер	3 376 704	2 473 724
форвардтық валюталық келісім-шарттарды қоспағанда, пайда немесе шығын арқылы әділ құн бойынша ескерілетін қаржы құралдарынан түсетін кіріс	28 082 011	16 392 410
туынды қаржы құралдарынан түсетін таза кірістер (шығындар)	25 242 816	(12 028 399)
шетел валюталарын қайта бағалаудан түсетін таза кірістер (шығындар)	(51 898 589)	22 055 841
Кірістер, барлығы	25 581 921	42 528 616
Ш ы ғы с т а р :		
активтерді басқарғаны үшін комиссия	1 206 880	556 808
кастодиалдық қызметтерге ақы төлеу жөніндегі шығыстар	94 292	101 418
кәсіби қызметтерге ақы төлеу жөніндегі шығыстар	13 000	12 595

бағдарламалық өнімдерді және ақпараттық дереккорды пайдаланғаны үшін ақы төлеу жөніндегі шығыстар	18 249	18 638
Шығыстар, барлығы	1 332 421	689 459
Таза кіріс	24 249 500	41 839 157

Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының активтерін сенімгерлік басқарудың 2005 жылғы қорытындысы бойынша есептелген кірістер мен шығыстар бойынша негізгі көрсеткіштер былайша қалыптасты:

- 1) басқару нәтижелері бойынша кірістер - 25581921 мың теңге;
- 2) сомамен шығыстар - (1332421) мың теңге;
- 3) теңгемен қайта бағалау (қайта есептеу) жөніндегі айырма теңгемен - 18873547 мың теңге.

Осылайша, шығыстарды шегергенге дейін таза активтердің нетто-өсімі 44455468 мың теңгені құрады, шығыстарды шегергеннен кейін таза активтердің нетто-өсімі 43123047 мың теңгені құрады, таза кіріс 24249500 мың теңгені құрады.

"ABN AMRO Mellon Global Securities Services" кастодиан-банктің деректері бойынша сол кезеңде функционалдық (базалық) валютамен 193753435 АҚШ доллары мөлшерінде есептелген инвестициялық кіріс (іске асырылған және іске асырылмаған) пайда болды.

Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының шотынан есепті кезеңде жалпы сомасы 724981 мың теңге Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының активтерін басқаруға байланысты мынадай шығыстар төленді:

455344 мың теңге - Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының активтерін сенімгерлік басқарғаны үшін сыртқы басқарушылардың комиссиялық сыйақысы, оның 204726 мың теңгесі - 2005 жылғы көрсетілген қызметтер үшін және 250618 мың теңгесі өткен жылдарда көрсетілген қызметтер үшін;

164322 мың теңге - Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының активтерін сенімгерлік басқарғаны үшін Ұлттық Банкке комиссиялық сыйақы, оның 138116 мың теңгесі - 2005 жылғы көрсетілген қызметтер үшін және 26206 мың теңгесі - 2004 жылғы көрсетілген қызметтер үшін;

82018 мың теңге - Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының шетелдік кастодианы "ABN AMRO Mellon Global Securities Services" Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына қызмет көрсеткені үшін төлем, оның 33449 мың теңгесі - 2005 жылғы көрсетілген қызметтер үшін және 48569 мың теңге - 2004 жылғы көрсетілген қызметтер үшін;

12595 мың теңге - "Эрнст энд Янг" ЖШС сыртқы аудиторының 2004 жылғы көрсеткен қызметтері үшін төлем;

4703 мың теңге - "Barra International LTD" компаниясының бағдарламалық өнімін пайдаланғаны үшін төлем;
5998 мың теңге - "Yield Book" компаниясының көрсеткен қызметтері үшін.

3-нысан

Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының активтерін сенімгерлік басқару жөніндегі Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ақша қозғалысы туралы есептер (мың теңге)

Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының ақша қозғалысы	2005 жыл	2004 жыл
Операциялық қызметтен түскен ақша қозғалысы		
Т а з а к і р і с	24 249 500	41 839 157
Түзетулер (пайда немесе шығын арқылы әділ құн бойынша ескерілетін қаржы құралдарынан болатын іске асырылмаған шығын (кіріс))	7 239 941	(34 824 747)
Операциялық активтер мен міндеттемелердегі өзгерістерге дейінгі операциялық қызметтен болатын ақша қозғалысы	31 489 441	7 014 410
Операциялық активтердің азаюы (ұлғаюы): туынды қаржы құралдарынан басқа, пайда немесе шығын арқылы әділ құн бойынша ескерілетін қаржы құралдары	(390 597 288)	(155 911 481)
туынды қаржы құралдары	(1 924 406)	1 56 121
дебиторлық берешек	(225 445)	1 583 112
Операциялық міндеттемелердегі ұлғаю (азаю): туынды қаржы құралдары	1 989 157	(1 760 914)
кредиторлық берешек және есептелген шығыстар	(5 737 098)	5 258 170
Операциялық қызметте ақшаны таза пайдалану	(365 005 639)	(154 176 922)
Қаржылық қызметтен болатын ақша қозғалысы		
Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінен түсетін түсімдер		
Ақшадағы және оның баламаларындағы таза ұлғаю (азаю)	369 258 276 4 252 637	152 839 430 (1 337 492)
Жыл басындағы ақша және оның баламалары	24 927 708	26 265 200
Жыл соңындағы ақша және оның баламалары	29 180 345	24 927 708

4-нысан

Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының активтерін сенімгерлік басқару жөніндегі Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің таза активтеріндегі өзгерістер туралы есептер (мың теңге)

Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының таза активтеріндегі өзгерістер	Сомасы
2004 жылғы 1 қаңтардағы сальдо	527 917 412
Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінен түскен түсімдер	152 839 430
Т а з а к і р і с	41 839 157
Валютаны қайта бағалаудың активтердің бастапқы сальдосына әсері	(52 052 320)
Валютаны қайта бағалаудың таза кіріске әсері	(4 002 755)
2004 жылғы 31 желтоқсандағы сальдо	666 540 924
Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінен түскен түсімдер	369 258 276
Т а з а к і р і с	24 249 500
Валютаны қайта бағалаудың активтердің бастапқы сальдосына әсері	19 329 687
Валютаны қайта бағалаудың таза кіріске әсері	(456 140)
2005 жылғы 31 желтоқсандағы сальдо	1 078 922 247

Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының активтері 2005 жылдың аяғында 1078922247 мың теңгені құрады, жылдық өсім 61,8% құрады. Активтердің ұлғаюына, негізінен, республикалық бюджеттен Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына аударымдар көлемінің 369258276 мың теңге сомасында (2004 жылғы түсімдер көлемінен 2,4 есе көп) өсуі есебінен қол жеткізілді.

3-бөлім. 2005 жылғы Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын басқару жөніндегі өзге де деректер

1. Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының активтерін басқару

Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне сәйкес жеткілікті өтімділік деңгейінің сақталуын қамтамасыз ету, тәуекел деңгейінің біркелкілігі жағдайында ұзақ мерзімді перспективада кірістіліктің жоғары деңгейін ұстап тұру және инвестициялық кірістер алу мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қаражаты шетелдік қаржы активтеріне және өзге де мүлікке орналастырылады. Осыған

байланысты, әлемдік экономика конъюнктурасының өзгеруі Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қызметіне елеулі әсер етеді.

Өткен жыл АҚШ экономикасының өсімімен, АҚШ Федералдық резервтік қызметінің проценттік бағамының артуымен, Жапония экономикасының жандануымен, компаниялар қызметінің оң нәтижелерімен танылды. Осыған байланысты 2005 жыл қор нарықтарының ойыншылары үшін аса қолайлы және консервативтік инвесторлар үшін қолайлығы неғұрлым төмен болды. Басқаша айтқанда, 2005 жылы акциядағы инвестициялардың кірістілігі тіркелген кірісі (облигациясы) бар бағалы қағаздардағы инвестициялардың кірістілігінен анағұрлым асып түсті. Осы факт 2005 жылы Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының активтерін басқару кірістілігіне айтарлықтай

д е н г е й д е

ы қ п а л

е т т і ,

себебі жинақтау қоржынының активтерін эталонды бөлу 25% акциялар мен 75% облигацияларды құрайды. Акциялардың қосалқы қоржынының кірістілігі 8,41% және тіркелген кірісі (облигация) бар бағалы қағаздардың қосалқы қоржынының кірістілігі 1,07% кезінде жинақтау қоржынының жалпы кірістілігі 3,16% құрады. Ақша нарығының қысқа мерзімді құралдарынан тұратын тұрақтандыру қоржынының кірістілігі 3,28% құрады.

Қор құрылғаннан бергі кірістілігі, АҚШ долларымен (диаграмманы қағаз мәтінінен қараңыз)

Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының активтерін бөлу құрылымы мынадай түрге ие. 2005 жылғы 31 желтоқсанға валюта қоржынының жалпы нарықтық құны 8073477195 АҚШ долларына, оның ішінде тұрақтандыру қоржыны - 2588506220 АҚШ долларына (32,06%) және жинақтау қоржыны - 5484970975 АҚШ долларына (67,94%) тең болды.

Бағалы қағаздар мен Қазақстан Республикасы Ұлттық қоры қоржынының құрамына кіретін басқа қаржы құралдарының нарықтық құны Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының кастодиан-банкі "ABN AMRO Mellon Global Securities Services" деректеріне негізделеді.

Қазақстан Республикасы ұлттық қорының активтерін бөлу құрылымы, %

**(диаграмманы қағаз мәтінінен қараңыз) Тұрақтандыру қоржынының активтерін
бөлу серпіні**

**(диаграмманы қағаз мәтінінен қараңыз) Жинақтау қоржынының активтерін бөлу
серпіні**

(диаграмманы қағаз мәтінінен қараңыз)

Қазақстан Республикасының Ұлттық қоры жинақтау қоржынының кірістілігін қарай отырып, барлық мандат түрлері бойынша оң нәтижелер байқалғандығын атап өткен жөн. Алайда, 2005 жылы кірістіліктің барынша үлкен көрсеткішіне "Ғаламдық акциялар" мандат түрі бойынша және "Активтерді ғаламдық тактикалық бөлу" мандат түрі бойынша активтерді басқару нәтижесіне қол жеткізілген. Бірінші мандат түрі бойынша кірістілік 8,41% құрады, ал екінші мандат түрі бойынша 2005 жылғы кірістілік 5,62% құрады. "Ғаламдық облигациялар" мандат түрі бойынша басқарылатын жинақтау қоржыны активтерінің кірістілігі 2005 жылы 1,07% кірістілікті көрсетті.

**Мандат түрлері бойынша жинақтау қоржынының кірістілігі
(диаграмманы қағаз мәтінінен қараңыз) Тұрақтандыру қоржынының кірістілігі
(диаграмманы қағаз мәтінінен қараңыз)**

Қаржы активтерінің түрі бойынша және елдер бойынша Қазақстан Республикасының Ұлттық қоры қаражаттарының орналасуын қарай отырып, 2005 жылғы 31 желтоқсандағы саудалық бағалы қағаздардағы инвестициялар 1053702507 мың теңгені немесе Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының таза активтерінің 98% құрағанын атап өткен жөн. Осы сома 55% АҚШ, 35% Еуроаймақ елдерінде, 6% Жапония мен 4% басқа елдерде шығарылған бағалы қағаздарды қамтиды.

Елдер бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының нарықтық құнының проценттік арақатынасы (кесте)

Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының активтері	АҚШ	Еуроаймақ (Ұлыбританияны қоспағанда)	Ұлыбритания	Жапония	Австралия	Канада	Өзгелер	Барлығы
Ақша қаражаты және олардың баламалары	84%	5%	10%	0%	0%	0%	0%	100%
Саудалық бағалы қағаздар	55%	29%	6%	6%	1%	2%	1%	100%
Дебиторлық берешек	64%	30%	5%	0%	0%	0%	1%	100%
Туынды қаржы құралдары	0%	43%	43%	-23%	2%	7%	27%	100%
Кредиторлық берешек	94%	4%	0%	1%	0%	0%	0%	100%
Есептелген шығыстар	0%	0%	0%	0%	0%	0%	100%	100%
Тұрақтандыру қоржыны	100%	0%	0%	0%	0%	0%	0%	100%
Жинақтау қоржыны	60%	24%	6%	7%	1%	1%	1%	100%
Теңгемен таза теңгерімдер	0%	0%	0%	0%	0%	0%	100%	100%

Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының таза активтері мынадай санаттар (инвестициялық қоржын түрлері) бойынша сыныпталған: тіркелген кірісі бар бағалы қағаздар қоржыны; а к ц и я л а р қ о р ж ы н ы ; активтерді тактикалық орналастыру қоржыны; тұрақтандыру қоржыны.

Инвестициялық стратегияға сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық қоры активтерінің әрбір сыныбы оның негізінде активтердің кірістілігі бағаланатын эталонды қоржынның индексіне тәуелді. Эталонды қоржын индекстері Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының инвестициялық операцияларын жүзеге асырудың е р е ж е с і м е н а й қ ы н д а л а д ы .

2005 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша тұрақтандыру қоржыны жылдың аяғында кірістілік деңгейі жылдық 3,28% кезінде Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының таза активтерінің жалпы сомасының 32,06% құрады. "Merrill Lynch 6-month US Treasury Bill Index" эталонды қоржынының кірістілігі 3,10% құрады.

Қазақстан Республикасының Ұлттық қоры басқаратын тіркелген кірісі бар бағалы қағаздар қоржыны активтер мөлшері бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық қоры қоржыны екінші болып табылады. Қоржын табыстылығының жылдық деңгейі 1,16% құрады, осы қоржын бойынша эталон көрсеткіші 1,18% кірістілігі бар SWGB индексі б о л ы п т а б ы л а д ы .

Қазақстан Республикасының Ұлттық қорының сыртқы басқарушылары басқаратын тіркелген кірісі бар бағалы қағаздар қоржынының кірістілігі жылдық 1,05% құрайды, осы қоржын бойынша эталон көрсеткіші сондай-ақ 1,00% кірістілігі бар S W G B и н д е к с і к і р е д і .

5,62% мөлшерінде кірістілігі бар активтерді тактикалық орналасу қоржыны эталон көрсеткішінің кірістілігінен 2,85% асып түсті.

MSCI эталондық индексінің кірістілігі 8,41% құрағанда үлестік бағалы қағаздар қоржынының жылдық кірістілік деңгейі 8,35% құрады.

2. 2005 жылғы Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын басқару жөнінде өткізілген іс-шаралар туралы қосымша ақпарат

Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 1 қыркүйектегі N 1641 Жарлығымен Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қаражатын қалыптастырудың және пайдаланудың орта мерзімді перспективаға арналған тұжырымдамасы (бұдан әрі - Тұжырымдама) мақұлданды, онда теңдестірілген бюджет ә д і с і ұ с ы н ы л д ы .

Осы әдіске сәйкес мұнай секторынан түсетін барлық тікелей салық түсімдері Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына жіберілетін болады, ал республикалық

бюджетті қаржыландыру (бюджеттік даму бағдарламаларын қаржыландыру бөлігінде) кепілдік берілген трансферт арқылы Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан қаражатты аударумен жүзеге асырылатын болады деп көзделген.

Сондай-ақ Тұжырымдамада Қазақстан Республикасының Ұлттық Қорын пайдаланудың мақсаты мен бағыты айқындалды, қор жинау шегі (немесе оның болмауы) және активтерді таратудың ықтимал нәтижелері көрсетілген, айқындылығы аталған, борышқа қызмет көрсету және қарыз алу саясаты айқындалған, бюджеттік даму бағдарламаларына жұмсалатын шығындардың Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының кепілдік берілетін трансферттеріне неғұрлым дәл өзара байланысы және теңдестірілген бюджет әдісінің сипаттамасы берілген.

Бұдан басқа Ұлттық Банк Басқармасының 2006 жылғы 29 желтоқсандағы N 167 қаулысына сәйкес "Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының инвестициялық операцияларын жүзеге асыру ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2001 жылғы 20 маусымдағы N 237 қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізілді.

Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының мақсаттары мен міндеттерін халық арасында түсіндіру жөнінде жүйелі түрде жұмыс жүргізу шеңберінде мынадай іс-шаралар жүзеге асырылды:

"Эксперт-Казахстан" журналында "Қаражат бойынша өмір сүру" атты тақырыпта Қаржы министрінің сұхбаты жарияланды, онда Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қаражатын жинақтау мен оны пайдаланудың жаңа тұжырымдамасы жария етілді;

Л.Гумилев атындағы Еуразия университетінде "Қазақстан Республикасының Ұлттық қоры" атты тақырыпта семинар өткізілді;

Парламенттегі үкімет сағатында Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының жаңа тұжырымдамасына қатысты Қаржы министрінің сөйлеген сөзі туралы ақпарат "Хабар", "КТК", "31-арна", "Қазақстан", "Астана ТВ", "Эра ТВ" телеарналарында көрсетілді, сондай-ақ "Известия-Казахстан", "Казахстанская правда" және "Экспресс К" газеттерінде жарияланды;

"Хабар" телеарнасының "Бетпе-бет" бағдарламасында "Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қаражатын қалыптастырудың және пайдаланудың тұжырымдамасы" атты тақырыпта әңгіме жүргізілді;

Алматы қаласында "Жоғары экономикалық өсу кезеңінде қаржылық тұрақтылықты сақтау" атты халықаралық конференцияда "Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қаражатын қалыптастырудың және пайдаланудың тетігі үлгісінде Қазақстанның мұнайға жоғары баға жағдайында шамадан тыс бюджет кірістерімен жұмыс тәжірибесі" деген тақырыпта сөз сөйлеу ұйымдастырылды.

Бұдан басқа, Қазақстан Республикасы Ұлттық Қорының қызметі туралы қажетті

ақпарат, Қазақстан Республикасы Ұлттық Қорының қызметін реттейтін есептер, нормативтік құқықтық актілер Қаржы министрлігінің web-сайтына (www.minfm.kz) орналастырылды.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ